



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**Жануарлар**

**ВИРУСТЫҚ ДИАРЕЯНЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ**

**Животные**

**МЕТОДЫ ЛАБОРАТОРНОЙ ДИАГНОСТИКИ ВИРУСНОЙ ДИАРЕИ**

**ҚР СТ 3501-2019**

*(Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals, NEQ)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**



**Нұр-Сұлтан**

БИН: 230640017171. Заказ №F-174211102023 от 11.10.2023. Пользователь: ТОО "ТОО ОУМРВЕТ"

СТ РК 3501-2019 выдан РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

---

Жануарлар

**ВИРУСТЫҚ ДИАРЕЯНЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ**

**ҚР СТ 3501-2019**

*(Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals, NEQ)*

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Нұр-Сұлтан**



Алғысөз

**1 «Elit Art» ЖШС ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 457-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ManualofDiagnosticTestsandVaccinesforterrestrialanimals (Жануарлар. Вирустық диареяны зертханалық диагностикалау әдістері. 3.4.7 тарау) Халықаралық эпизоотикалық бюро нұсқауын есепке ала отырып әзірленген

Сәйкестік дәрежесі – балама емес (NEQ).

Ағылшын тілінен (en) аударылған

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңдарының ережелері іске асырылған.

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

## Кіріспе

Ірі қара малдың вирустық диареясы - ас қорыту жолының шырышты қабығының қабынуымен және зақымдануымен сипатталатын және ринит, безгек, диарея және кейде хромотамен көрінетін вирустық контагиозды ауру.

Ауру 2 жасқа дейінгі ірі қара малдарда жиі байқалады. Жас мал аэрогенді немесе алиментарлық жолмен жұқтыруға бейім. Вирус өну патология тудыра отырып, интраплаценталық және ұрық арқылы берілуі мүмкін. Ауру жасырын (белгілерсіз) өтуі немесе өліммен аяқталатын асқынуларға әкелуі мүмкін. Аурудың клиникалық көріністері мен ауырлығы вирус штаммына байланысты әр түрлі болады. Вирусты диарея сондай-ақ иммунитетті түсіреді, бұдан инфекцияланған жануарлардың басқа вирустар мен бактерияларды жұқтыруға сезімталдығы артады. Клиникалық әсер көбінесе төлдеу деңгейі жоғары мал шаруашылығы фермаларында кездеседі. Буаздылығы бойынша бірінші триместрде құрсақішілік инфекцияға ұшыраған жануарлар әрдайым созылмалы инфекцияланған (СИ) болып табылады. СИ жануарлар популяциядағы вирустың негізгі көлемін қамтамасыз етеді және вирустың көп бөлігін несеппен, нәжіспен, басқа бөліністермен, сүтпен және ұрықпен шығарады. Вирус негізінен СИ жануарлар мен басқа мал арасында тығыз байланыста болады. Вирусты жіті жұқтырылған жануарлардың бөлінуінен әдетте елеулі зардап болмайды. Осы вирус қоршаған ортада қысқа уақыт кезеңінде сақталады немесе ластанған репродуктивті материалдармен беріледі. Тік берілу осы аурудың эпизоотологиясы мен патогенезінде маңызды рөл атқарады.

Вирусты диарея қоздырғышы дегеніміз - Flaviridae тұқымдас Pestivirus тектес жалғыз желілік-позитивті РНК вирусы. Тек құрамында вирустың екі генотипі (1 және 2-типтері) және шошқаның классикалық обасы мен қойдың шекті ауруының жақын тектес вирустарын қоса алғанда, түрлерінің қатары болады. Осы генотиптерде вирустар бір-бірінен айтарлықтай антигендік айырмашылықты көрсетеді және 1 және 2-типті вирустың изоляты шегінде айтарлықтай биологиялық және антигендік әртүрлілікті көрсетеді. Генотиптердің екі дерегінің ішінде генетикалық талдау көмегімен басқа да түрлерін бөліп көрсетуге болады. Екі генотипті бір-бірінен және басқа да пестивирустардан негізгі гликопротеиндерге қарсы бағытталған моноклонды антиденелердің көмегімен немесе генетикалық талдаумен дифференциялауға болады. Полимеразалық тізбек реакция кері транскрипциямен (КТ-ПТР) вирусты тікелей қан үлгілерінен жіктеуге мүмкіндік береді.

БИН: 230640017171. Заказ №F-174211102023 от 11.10.2023. Пользователь: ТОО "ТОО ОУМРВЕТ"

СТ РК 3501-2019 выдан РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан





## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

## Жануарлар

## ВИРУСТЫҚ ДИАРЕЯНЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Енгізілген күні 2020-07-01

**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт мүйізді ірі қара малдың мынадай вирустық диареясын зертханалық диагностикалау әдістерін анықтайды:

- ПТР әдісі;
- серологиялық әдістер (ИФА, РН);
- иммуногисто-химиялық әдіс;
- вирусологиялық әдістер.

**2 Белгіленулер мен қысқарған сөздер**

**1-октилбета-D-глюкопиранозид; ОГП**

**Иммуноглобулин; IgG**

**Дезоксирибонуклеин қышқылы; ДНК**

**Иммуногистохимиялық әдіс; ИГХ**

**Имуноферменттік талдау; ИФА**

**Ірі қара мал; ІҚМ**

**Моноклоналды антидене; МАт**

**Микромоль; мкМ**

**Микролитр; мкл**

**Моль; М**

**Миллиграмм; мг**

**Бейматрицалық бақылау; НМК**

**Нуклеин қышқылы; НК**

**Кері бақылау; КБ**

**Кері транскрипциялы полимеразды тізбекті реакция; КТ-ПТР**

**Полимеразды тізбекті реакция; ПТР**

**Оң бақылау; ПК**

**Шектік цикл; Ct**

**Вирустық диарея; ВД**

**Рибонуклеин реакциясы; РНК**

**Бейтараптандыру реакциясы; РН**

**Тасымалы рибонуклеинді қышқыл; тРНК**

**Фосфатты-тұзды буфер; ФТБ**

**Твині бар фосфатты-тұзды буфер; ТФТБ**

**Созылмалы инфекция; СИ**

**Жұмыртқаның созылмалы инфекциясы; ЖСИ**

**Цитопатогенді эффект; ЦПЭ**

**Цитопатогенді үлес; ЦПД**

**Этилен-Диамин-Тетрасірке Қышқылы; ЭДТК**



## ҚР СТ 3501-2019

### 3 Жалпы ережелер

Вирустық диареяның зертханалық диагностикасы қан мен тіндерде вирусты антигендерді немесе вирусты РНК анықтауға бағытталған әдістермен жүргізіледі.

Вирус сондай-ақ екпелерде вирустың репликациясын бөліп алу үшін қабылдағыш жасушалық екпелерге кейіннен иммунизациялау арқылы іріктелген үлгілерді инокуляциялау жолымен бөлінуі мүмкін.

### 4 Сынамаларды іріктеу және дайындау

#### 4.1 Жіті инфекция

4.1.1 Жіті инфекциясы бар жануарлар қысқа уақыт кезеңінде (7 күннен 10 күнге дейін) вирустың салыстырмалы түрде төмен мөлшерін бөледі. Бұл ретте клиникалық белгілер вирустың неғұрлым кеш сатыларында көрінуі мүмкін, бұл вирусты анықтау үшін уақыттың қысқаруына әкеледі.

Аурудың респираторлық немесе ішек түрлері кезінде сынамалар зақымданған жануарлар тобынан, көбіне жақын арада ауру жұқтырған дарақтардан алынуға тиіс. Жағындыларды мұрын шырышынан және тыныс алу жолдарының зақымдану белгілері бар жануарлардың конъюнктиваларынан жинау керек. Асқазан-ішек жолдарының зақымдану белгілері болған жағдайда сынамалар тік ішек пен нәжістен алынады.

Өкпе мен көкбауырдың сынамаларын өлген жануарлардан алады.

Вирустық РНК нақты уақыттағы кері транскрипциясы бар (КТ-ПТР) полимеразды тізбекті реакция әдісі арқылы анықталуы мүмкін. Бұл әдіс жоғары сезімталдыққа ие және инфекциялық емес вирустық бөлшектер генімен анықтауға мүмкіндік береді.

Серологиялық зерттеулер жүргізу инфекцияның болуын анықтау немесе болдырмау мүмкіндігін береді. Осы әдіс кезінде жануарлардан алынған қан сарысуын ауру ағымының жіті түрінде және сауығатын жануарлардан жұптап зерттейді (8-10 жануардан жіті түрден кейін 21 күн өткен соң).

4.1.2 Аборт, өлі туу немесе ерте өлімнің вирусты диареядан туындайтынын растау қиындық келтіреді, себебі инфекцияның басталуы, өлім немесе аборт арасында елеулі уақыт өтуі мүмкін. Сынамаларды алу кезінде вирустық компоненттер немесе антиденелер сынамаларының нені анықтауға арналғанын ескеру керек.

Көкбауыр және өкпе вирусты анықтау үшін алынады. Үлпершек немесе өкпекап сұйықтықтары серологиялық зерттеулер жүргізу үшін алынады. Жаңа туған бұзаулардың асқазанын емудің болмағанын растау үшін тексереді. Кейбір жағдайларда вирус ұрықтың тінінен бөлінуі мүмкін, ИФТ көмегімен вирусты антигенді анықтауға немесе нақты уақыттағы КТ-ПТР көмегімен вирусты РНК-ны анықтауға ерекше назар аудару керек.

Серологиялық зерттеулер ИФТ әдістерімен және вирусты бейтараптандыру реакциясымен жүргізіледі. Бұл ретте сынамалардың сапасы мен бактериялық ластану деңгейі вирусты бейтараптандыру реакциясын қою сапасына әсер етеді.

#### 4.2 Созылмалы инфекциялар

Салыстырмалы жоғары сезімталдыққа ие ИФТ және КТ-ПТР тірі және өлген жануарларда вирусты антигендерді немесе РНК-ны анықтау үшін кеңінен қолданылады.

Сондай-ақ қандағы цитопатиялық емес вирусты анықтауға бағытталған вирустың бөлінуі пайдаланылады, дегенмен кейбір елдерде вирус иммундық гистохимиялық әдіспен (ИГХ) сәйкестендірілген. 4-5 айға дейінгі бұзаулардың қанынан вирустың бөлінуі ІҚМВД вирусына аналық антидененің қатысуымен бұзылуы мүмкін. Созылмалы вирустың бар



ересек жануарларда олардың антигендік түрде созылмалы вирустан ерекшеленетін вирустың штамдарына (вакциналарды қоса алғанда) сероконверсиясына қабілеттілігіне байланысты антиденелер деңгейінің төмендігі байқалады. Сүттің сынамаларын жаппай (резервуар) немесе жеке іріктеу сауын мал табында жануарлардың СИ болуына мониторинг жүргізу үшін пайдаланылады. Вирусты бөлу үшін антигенге ИФТ, сондай-ақ КТ-ПТР сияқты диагностикалау әдістері қолданылады. Созылмалы инфекция диагнозын растау үшін жануарларды кем дегенде 3 аптадан кейін қан үлгілерін вирустың және сероконверсия белгілерінің болуына сынау жолымен зерттеу қажет. Кейбір жіті жағдайларда вирусты антигеннің теріде бірнеше апта бойы сақталуы мүмкін болғандықтан, тері үлгілерін қайта зерттеген кезде сақ болу керек.

#### **4.3 Шырышты қабықтардың зақымдануы**

Шырышты қабықтардың зақымдану диагнозын зертханалық растау үшін цитопатиялық вирусты оқшаулау қажет. Бұл биотип кейде қаннан бөлінуі мүмкін, бірақ көптеген басқа тіндерден, атап айтқанда көкбауырдан, ішектен және пейер шытырасынан барынша тізбектеліп қалпына келтірілуі мүмкін. Вирусты оқшаулау оңай алынатын және жасушалық өсірінділер үшін уыттылығы аз болатын көкбауырдан оңай жүзеге асырылады.

#### **4.4. Репродуктивті материал**

Донор бұқалардың шәуеті шәуетті жинағанға дейін инфекцияның болуын зерттеу үшін алынуға тиіс. Бұқалардың СИ емес екенін, жіті инфекцияға ұшырамағанын растау қажет, сондай-ақ олардың серологиялық мәртебесін анықтау керек. Алғашқыда жаңа алынған қанның немесе сарысудың сынамаларына зерттеу жүргізу қажет. Серопозитивті бұқада ата бездің созылмалы инфекциясының (АСИ) болмауын анықтау үшін вирустың төменгі деңгейде, әсіресе жұқтырудың ерте сатысында үзік-үзік бөлінуі мүмкін болғандықтан, шәует сынамасын кемінде 7 күн аралықпен кемінде үш рет алу керек. Сондай-ақ әрбір жинаудан шыны түтіктердің аздаған көлемін немесе жаңа алынған шәуеттің тиісті көлемін алу қажет.

### **5 Диагностикалау әдістері**



ҚР СТ 3501-2019

1-кесте – Ірі қара малдың вирустық диареясын диагностикалау әдістері және олардың мақсаты

Әдіс	Мақсаты					
	Инфекциядан бос популяция	Олардың қозғалысына дейін инфекциядан бос жеке жануарлар	Жою саясатына жәрдемдесу	Клиникалық жағдайларды растау	Инфекцияның таралуы - бақылау	Вакцинациядан кейін жеке жануарлардың не популяциялардың иммундық мәртебесі
Агентті табу <sup>1</sup>						
Вирусты оқшаулау	+	+++	++	+++	-	-
ИФТ әдісімен антигенді анықтау	++	+++	+++	+++	+++	-
Бір үлгіге вирусты анықтаудың бірнеше әртүрлі әдістерін қолдану ұсынылады						
Әдіс	Мақсаты					
	инфекциядан бос популяция	Олардың қозғалысына дейін инфекциядан бос жеке жануарлар	Жою саясатына жәрдемдесу	Клиникалық жағдайларды растау	Инфекцияның таралуы - бақылау	Вакцинациядан кейін жеке жануарлардың не популяциялардың иммундық мәртебесі
Антигенді ИГХ әдісімен анықтау	-	-	-	++	-	-
ПТР әдісімен НҚ анықтау	+++	+++	+++	+++	+++	-
Иммундық жүйенің реакциясын анықтау						
ИФТ	+++	++	+++	-	+++	+++
БР	+	+++	++	-	+	+++
<p>+++ = Ұсынылатын әдіс;                      ++ = Қолайлы әдіс;                      + = Кейбір жағдайларда пайдаланылуы мүмкін, бірақ құны, сенімділігі немесе басқа да факторлар оның қолданылуын айтарлықтай шектейді;                      - = Бұл мақсатқа сәйкес келмейді.</p> <p>ПТР = полимераздық тізбекті реакция;                      БР = вирусты бейтараптандыру реакциясы;                      ИГХ = иммундық гистохимиялық әдіс;                      ИФТ = иммуноферменттік талдау.                      НҚ – нуклеин қышқылдары</p>						

БИН: 230640017171. Заказ №F-174211102023 от 11.10.2023. Пользователь: ТОО "ТОО ОЛУМРВЕТ"  
 СТ РК 3501-2019 ырдан РГП на ПВХ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан

## 6 Агентті сәйкестендіру

**6.1** Ірі кара малдың вирусты диареясын жұқтырған жануарларды немесе жануарлар дериваттарын (әсіресе шәуеті мен эмбриондарын) сатуды болдырмау үшін жөнелтілетін жануардың немесе генетикалық материал донорының (шәует немесе эмбриондар) қанында инфекциялық вирустың (вирустың бөлінуі), вирустық антигендердің (ИФТ әдісімен антигеннің табылуы) немесе РНК (нақты уақыт режимінде КТ-ПТР) болуын тексеру қажет. Шәуеті тексерілуге тиіс серопозитивті бұқалар бұған жатпайды. Серологиялық зерттеулер серонегативті жануарларда жіті инфекцияның болмауын растау үшін немесе донор бұқалардың серологиялық мәртебесін анықтау үшін маңызды әдіс болып табылады. ИГХ немесе тікелей тіндерде алдын ала вирустық амплификациясыз гибридизация сияқты процедуралар олардың ауыспалы сезімталдығына байланысты халықаралық сауда үшін ВД-дан қорғау үшін жеткілікті кепілдік бермейді. Иммундық бояу негізінен далалық инфекцияларда кездесетін ВД-ның цитопатиялық емес штамдарының болуын анықтау үшін жасушалық өсірінділерде вирустың бөлінуінің маңызды компоненті болып табылады.

**6.2** Барлық әдістер виремия деңгейі төмен және жоғары дарақтарды қоса алғанда, ірі кара малдың белгілі инфекцияланбаған және инфекцияланған популяцияларында тестілеу жолымен мұқият валидациялануға тиіс. Поликлонды немесе МАТ-байланыстыратын талдауларға (ИФТ немесе ИГХ), иммундық белгіге (ИБ) немесе нуклеин қышқылдарын (ПТР) тануға негізделген әдістердің ВД вирустары арасында анықталған антигендік және генетикалық әртүрліліктің толық спектрін анықтайтыны дәлелденуге тиіс.

## 6.3 Вирусты оқшаулау

**6.3.1** Жоғары стандарттарға сәйкес орындаған кезде ВД қоздырғышын оқшаулау өте сенімді. Дегенмен, жасушалық өсірінділер мен орта компоненттерінің ВД-ның не вирустың спецификалық антиденелері деңгейінің төмен болуымен сезімталдығы жоғары және қауіпке ұшырамайтын жүйені құруды қамтамасыз етуге арналған өте қатаң талаптары бар. Вирусты оқшаулау инфекциялық вирусты анықтауға мүмкіндік береді, бұл сынаманың сапасына белгілі бір шектеулер қояды. Бұдан басқа кейбір сынамаларда, әсіресе шәуетте болуы мүмкін вирустың төменгі деңгейін анықтау үшін сынамалардың әлдеқайда үлкен көлемін зерттеу қажет болуы мүмкін. Осы шектеулердің кейбірін дәлелденген жоғары аналитикалық сезімталдығы бар антигендерді анықтау үшін ИФТ арқылы немесе нақты уақыттағы КТ-ПТР арқылы еңсеруге болады.

**6.3.2** Вирус ірі кара малдың бір қабатты жасушалық өсірінділерінде (мысалы, бүйрек, өкпе, ата без немесе мұрын қуысы) бөлінуі мүмкін. Кейбір жағдайларда қойлардың жасушалық өсірінділері да қолайлы. Сұйық азотта жасушалық суспензия түрінде бастапқы немесе қайталама өсірінділерді мұздатуға жол беріледі. Содан кейін олар пассаждар сериясына тексеріледі немесе әдеттегі пайдалану алдында бекітілген жасушалар партиясымен салыстырғанда ластанудың болмауын тексеру және олардың сезімталдығын бағалау үшін басқа қабылдағыш жасушаларға себіледі. Мұндай процедураларды пайдалану ІҚМВД-дан еркін жануарлардан алынған үздіксіз жасушалық желілерді пайдалану кезінде төмендейді, бірақ олардың ІҚМВД-дан еркіндік мәртебесі және олардың қабылдағыштығы үнемі бақыланып отыруға тиіс. Үздіксіз жасушалық желілер «себу партиясы» жүйесінде қолданылуға тиіс, онда олар тек пассаждың шектеулі диапазонында ғана пайдаланылады, оның шегінде олар ІҚМВД инфекциясына қолайлы сезімталдықты көрсетуге тиіс. Әртүрлі өту тарихына байланысты әртүрлі көздерден алынған жасушалық өсірінділерде айырмашылықтар болуы мүмкін екенін ескеру керек, сондықтан әдеттегі пайдалану алдында олардың жарамдылығы қосымша расталады.

## ҚР СТ 3501-2019

6.3.3 ВД-ның цитиопатиялық емес вирусы ірі қара мал тіндерінің кең таралған лаस्ताушысы болып табылады, сондықтан жасушалық өсірінділер жүйелі тестілеу арқылы вирустың жанама тұқымдануының болмауы тұрғысынан тексерілуге тиіс. Жасушалар жасушаларды өсіруге арналған тексерілген ортада өсірілуге тиіс және жасушалардың үлкен ауданы зерттелуге тиіс. 96-ұяшықты планшеттің бірнеше ұяшығын тексеру жеткілікті емес, 96-ұяшықты планшеттің барлық ұяшығын зерттеу керек. Жасушалық өсіріндіде пайдалану үшін іріктеп алынған фетальды бұқа сарысуы тек вирустан ғана емес, сонымен қатар ІҚМ ВД бейтараптандыратын антиденесінен де бос болуға тиіс. Ластанған сарысуда ВД вирусының бұзылуы үшін термиялық өңдеу (30-45 минут ішінде 56°C) жеткіліксіз; кемінде 25 кГр (2,5 Мрад) дозамен сәулелендіру неғұрлым тиімді болып табылады. Донорларды вирустарға да, антиденелерге де тестілеу әрбір дарақ үшін жеке жүзеге асырылады.

6.3.4 Лейкоциттердің ашық қабаты, жаңа алынған қан, жуылған лейкоциттер немесе сарысу вирусты тірі дарақтардан бөліп алу үшін жарамды. Аналық антиденелер жас бұзаулар сарысуынан вирусты анықтауға кедергі келтіреді. Өлген дарақтардың тіндерінен суспензияларды стандартты әдістермен дайындау керек. ІҚМ-ның ІҚМ ВД СИ емес екенін растау қан сынамаларын зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен бұрын жіті инфекциядан кейінгі ата бездің созылмалы инфекциясы анықталған, бірақ одан кейін инфекциялық болып табылмайтын кейбір бұқалар серопозитивті болып табылады. Вирус осындай бұқалардың шәуетінің көптеген сынамаларында анықталуы мүмкін. АСИ-ді жоққа шығару үшін барлық серопозитивті бұқалардың шәуетін зерттеу керек. Бірнеше апта ішінде іріктеп алынған шәует сынамалары бұқаларда АСИ-дің жоқ екенін растау үшін зерттелуге тиіс. Сынамаларды тексергеннен кейін серопозитивті бұқаның шәуетін одан әрі тестілеу жүргізілмейді. Жаңа алынған шәует, сондай-ақ құрамында көптеген басқа элементтер бар шәует цитоуытты және тиісті өсірінділік ортада өсірілуге тиіс. Осыған байланысты инкубация кезінде аралықтармен микроскопиялық зерттеу арқылы жасушалардың жағдайын бақылауды жүзеге асыру қажет.

6.3.5. Стандартты вирустық препаратты табудың барынша сезімталдығын қамтамасыз ету мақсатында барлығы оңтайландырылуға тиіс. Жасушалық өсірінділер үшін пайдаланылатын барлық биологиялық компоненттер вирустың және ІҚМВД антиденелерінің жоқтығын растай отырып, скрининг арқылы тестіленуге тиіс. Жасушалардың өсінділері (бастапқы және үздіксіз желілер) вирустық инфекцияға барынша сезімталдықты қолдауды растау үшін үнемі тестіленіп отырады. Үлгінің типіне және тестілеу мақсатына байланысты вирусты бөлу үшін жасушалық өсірінділерде бір немесе бірнеше пассаж қажет болады. Жануарлардың ХИ-ын бір пассаж үшін қан немесе сарысуды скринингтеу жолымен сәйкестендіру керек. Шәуетті үш пассаж ішінде және фетальды бұқа сарысуы сияқты биологиялық өнімдерді бес ретке дейін үнемі өсіру керек (бастапқы инокуляция плюс төрт пассаж). Вирусты бөлудің әдеттегі тәсілдері цитопатиялық вирустың өсуін анықтау үшін иммундық бояудың соңғы сатысын (иммунофлуоресценция немесе көбіне пероксидазала бояу) қосу арқылы пайдаланылады. Осылайша шыны түтіктердегі өсірінділер жабын шыныларды қамтуға тиіс, ал микропланшеттердегі өсірінділер тікелей планшетте бекітілуі және таңбалануы мүмкін. Соңғы пассаждан алынған өсірінділік супернатант (шөгінді үсті сұйықтығы) нақты уақыттағы ОТ-ПТР арқылы скринингтен өткізілуі мүмкін.

## 6.4 Жаппай скрининг кезінде сарысудың сынамаларында вирустарды анықтауға арналған микропланшеттік иммундық пероксидаза әдісі

### 6.4.1 Аппаратура, материалдар, реактивтер

- Микротитрациялық планшеттер (96-ойық)
- Көпарналы мөлшерлегіштер, бір арналы мөлшерлегіштер, зарарсыз пластик

ұштықтар

- Жасушалық желі паспортына сәйкес жасушыларды өсіруге арналған орта  
- Вирустық зертханаға арналған стандартты зертханалық жабдық (зарарсыздандырылған жұмыс үстелі, инвертирленген микроскоп, СО<sub>2</sub>-инкубатор (37 °С), үйірткі, термиялық үйірткі (80 °С), тоңазытқыш, мұздатқыш камера (минус 20 °С, минус 70 °С)

- Полисорбат 20 (Tween 20), полисорбат 80 (TWEEN 80) (ФТБТ) және 5% жылқы сарысуы

- Формальдегид
- Полисорбат 20 (Tween 20) 0,05 % су ерітіндісі
- 1%-м желатин
- 3-амин-9-этилкарбазол
- ацетон
- дистилденген су
- диаминобензидин тетрагидрохлориді, натрий пербораты тетрагидраты

#### 6.4.2 Тест жүргізу процедурасы

а) 10-25 мкл. сарысудың сынамаларын тіндер өсірінділеріне арналған 96-ұяшықты микропланшеттің әрбір төрт ұяшығына салады. Бұл рәсім әрбір сынама үшін қайталанады. Белгілі оң және теріс бақылаулар қосылады.

б) Фетальды сарысусыз ортада тиісті концентрациядағы (әдетте 150000 жасуша / мл жуық) 100 мкл. жасушалық суспензия барлық ұяшықтарға қосылады.

Ескертпе: сынаманың өзі жасушалардың өсуі үшін қоспа ретінде әрекет етеді.

Сарысудан басқа үлгілерді тестілеу кезінде күйіс қайыратын жануарлардың пестивирустарына антиденелері жоқ 10% фетальды бұқа сарысуы болатын орта пайдаланылады.

в) Планшет 37°С-та 4 күн бойы немесе 5% СО<sub>2</sub> атмосферада немесе жабық пластинамен инкубацияланады.

г) Әрбір ұяшық цитопатология белгілерінің (цитопатиялық әсердің) немесе цитоциттылық белгілерінің болуына микроскоппен зерттеледі.

д) Өсірінділерді қысқа уақытқа 80°С-та температурада мұздатады және 50 мкл. өсірінділік супернатантты (шөгінді үсті сұйықтығы) 1 - 4 қадамдарды қайталай отырып, жаңа жасушалық өсірінділерге ауыстырады.

е) Содан кейін жасушалар екі келесі тәсілдердің бірімен бекітіледі және боялады:

1) Формальдегидпен

а) Планшетке 1/10 пропорцияда ерітілген формальдегид ерітіндісінің (шамамен 3% концентрациясы) 200 мкл қосылады және планшет бөлме температурасында 10 минутқа қалдырылады.

б) Планшеттің ішіндегісі жойылады, ал планшеттің өзі жуылады.

в) Планшет 5 рет Полисорбат20 (Tween 20) 0,05% сулы ерітіндісімен жуылады.

г) Әрбір ұяшыққа тиісті сұйылтылған (құрамында 1% желатин бар фосфатты-тұзды буферде (ФТБ) дайындалған) вирусқа қарсы антиденелердің 50 мкл енгізіледі және ылғалданған камерада 37°С-та 60-90 минут бойы инкубацияланады.

д) Пластиналар осы тармақтың в) тармақшасында көрсетілгендей бес рет жуылады.

е) 1% желатин/ФТБ-да оңтайлы ерітілгенге дейін пероксидазамен тиісті конъюгацияланған антисарысу (мысалы, пероксидаза, вирусқа қарсы антидене тышқанда моноклонды болған кезде тышқанға қарсы қоян иммуноглобулиндерімен конъюгацияланған пероксидаза) сұйылтылады. Оңтайлы концентрацияны конъюгаттың әрбір партиясы үшін оң және теріс бақылау үлгілеріне қатысты «шахматтық» титрлеу жолымен анықтау керек.

ж) Микропланшеттің әрбір ұяшығына 50 мкл сұйылтылған конъюгатапероксидаза





## ҚР СТ 3501-2019

қосылады және ылғалды камерада 37°C-та 90 минут бойы инкубацияланады.

и) Пластиналар осы тармақтың в) тармақшасында көрсетілгендей бес рет жуылады.

к) 3-амин-9-этилкарбазол субстраты қосылған планшет (ұяшыққа 100 мкл.) және 20 °С-тан 23 °С дейін температурада 30 минут бойы бөлме температурасында экспозициялар «әзірленеді».

л) Әрбір ұяшыққа 100 мкл ФТБ қосылады және әрбір планшет қақпақпен жабылады.

к) Ұяшықтар теріс және оң бақылау үлгілері бар ұяшықтардан бастап жарық микроскоптың көмегімен тексеріледі. Инфекцияланбаған жасушаларда көзге көрінетін немесе барынша аз бояу (теріс бақылау) болмауға тиіс. Инфекцияланған жасушалар (оң бақылау) цитоплазмада қызыл-қоңыр түсте болуға тиіс.

2) Ацетонмен

а) Планшет бірқалыпты айналдыру және ішіндегісін фосфатты-тұзды буферде (ФТБ) жуу арқылы босатылады.

б) Жасушалар мынадай түрде бекітіледі: планшет ФТБ-да ацетонның 20% ерітіндісі бар ваннаға салынады, бірден босатылады және одан кейін ФТБ-да ацетонның 20% ерітіндісі бар жаңа ваннаға 10 минутқа ауыстырылады. Планшеттің ішіндегісі мұқият төгіледі және барлық сұйықтық үрлеу және шаю жолымен шығарылады. Пластина 25-тен 30°C дейін температурада 3 сағат бойы мұқият кептіріледі (мысалы, қабырға шамының жылуын пайдалану арқылы).

Ескертпе: кептіру бекіту процесінің бір бөлігі болып табылады.

в) Бекітілген жасушалар ФТБ-ны барлық ұяшықтарға қосу жолымен жуылады.

г) Ұяшықтар төгіледі және барлық ұяшықтарға ФТБ-да 1% Полисорбат 80 (TWEEN 80) (ФТБТ) алдын ала сұйылтылған ВД антиденелері (50 мкл.) және 5% жылқы сарысуы немесе 1% желатин қосылады. (Жылқы сарысуы немесе желатин спецификалық емес бояуды азайту үшін қосылуы мүмкін).

д) Препарат 37°C-та 15 минут бойы инкубацияланады.

е) Планшет ішіндегісі босатылады және ФТБ-да үш рет жуылады.

ж) Төгіледі және 37°C-та 15 минут бойы ФТБТ-да (50 мкл.) алдын ала анықталған сұйылтылған пероксидазамен конъюгацияланған тиісті антигүрлік сарысу қосылады.

и) Планшет босатылады және ФТБТ-да үш рет жуылады.

к) Планшет тазартылған суда шайылады. Барлық сұйықтық планшеттен ағып кетуге тиіс.

л) Тиісті хромоген, 3-амин-9-этилкарбазол бар сутегі тотығының жаңа дайындалған субстраты қосылады. 15 мл ФТБ-да ерітілген, 9 мг тетрагидрохлорид диаминобензидиннен және 6 мг натрий пербораты тетрагидратынан тұратын альтернативті субстратты дайындауға жол беріледі.

м) Планшет микроскоппен зерттеледі. Вирусозитивті жасушалар қызыл-қоңыр цитоплазмалық бояуды көрсетеді. Жылуды пайдалануды қамтитын жасушаларды бетітудің балама әдістерін пайдалануға жол беріледі. Вирусты антигенді анықтау қабілеті бұзылмағанына көз жеткізу үшін оларды ең алдымен зерделеу керек.

### 6.5 Тіндерді немесе жасушалар өсінділерінің суспензияларын зерттеуге арналған шыны түтіктегі әдіс

6.5.1 Бұл әдіс 24-сәулелі тілімшелер үшін де бейімделуі мүмкін. Кемі 2, ал дұрысы 3 пассаж (бастапқы инокуляцияны қоса алғанда) қажет.

6.5.2 Аппаратура, материалдар, реактивтер

- Көп арналы мөлшерлеуіштер, бір арналы мөлшерлеуіштер, стерильді пластикалық ұштықтар

- Сезімтал жасушалы өсінділер

- Жасушаларды өсіруге арналған орта жасушалық желі паспортына сәйкес
- Вирустық зертханаға арналған стандартты зертханалық жабдық (зарарсыздандырылған жұмыс үстелі, инвертирленген микроскоп, СО<sub>2</sub>-инкубатор (37° С), үйірткі, термоүйірткі (80 °С), тоңазытқыш, мұздатқыш камера (минус 20 °С, минус 70 °С).
- Сынауықтар
- Жабын шынылары
- Ацетон

#### 6.5.3 Тестті жүргізу процедурасы

1) Тіндердің сынамалары өсірінділік ортада 10% суспензия алу арқылы ұсақталады. Содан кейін қоқысты шығару үшін үйірткілейді.

2) ІҚМ қабылдағыш жасушаларының жаңа конфлюэнтті немесе субконфлюэнтті моноқабаттары бар шыны түтіктердегі өсірінділер 0,1 мл сынамада инокуляциялайды. Жасушалар өсіріндісін 37°С-та 1 сағатқа адсорбциялануға қалдырылады.

3) Өсірінді 1 мл ортада жуылады; содан кейін төгіледі және 1 мл өсірінділік сүйемелдеу ортасы қосылады.

4) Өсірінді 37°С-та 4-5 күн бойы инкубацияланады және ЦПЭ немесе цитоуыттылық белгілерінің болуына микроскоппен зерттеледі.

5) Содан кейін бір-екі және одан да көп пассаж үшін (түпкілікті иммундық бояу үшін инокуляцияланған өсірінділерді қоса алғанда) жасушалардың жаңа өсінділеріне пассаждау үшін өсірінді мұздатылады және ерітіледі. Соңғы пассаж кезінде мұздатып, ерітілгеннен кейін тіннің өсірінділік сұйықтығы жиналады және иммундық пероксидаза әдісімен немесе иммундық флуоресцентті әдіспен өсіру және бояу үшін микротитрлеу плашкаларына ауыстырылады. Иммундық флуоресценция үшін шыны түтіктердегі жабын шынылары өсірілетін жасушаларды сүйемелдеу үшін пайдаланылады. Өсіру кезеңінің соңында жабын шынылары алынып тасталады, 100% ацетонда бекітіледі және ВД-ға иммундық флуоресцентті конъюгатпен боялады. Жабын шынылары флуоресцентті микроскоппен пестивирустарға тән диффузды, цитоплазмалық флуоресценция тұрғысынан тексеріледі. Балама түрде соңғы пассаждан алынған өсірінділік супернатант нақты уақыттағы КТ-ПТР арқылы скринингтен өткізілуі мүмкін.

### 6.6 Шәует сұйықтығынан вирустың бөлінуі

6.6.1 Зерттеу үшін пайдаланылатын сынамалар сұйылтылған бұқа шәуеті немесе жаңа алынған шәует болып табылады. Шәует сынамалары зертханаға сұйық азотта немесе құрғақ мұзда тасымалданады. Сынамалар сұйық азотта немесе -70°С-тан төмен температурада (ұзақ сақтау үшін) не +4 ° С-та (қысқа мерзімге сақтау үшін 12 күннен артық емес) сақталады. Алушы зертхана үлгілерді алу шарттарын құжаттамалау керек. Жаңа алынған шәует уытты және алдын ала жасушалық өсірінділерге қосу алдында сұйылтылған болуға тиіс (мысалы, ІҚМ ВД жоқ ІҚМ сарысуының 1/10-да). Кемінде 0,1 мл жаңа алынған шәует жасушалар өсіріндісінде үш пассажбен тексеріледі. Сұйылтылған шәуетті дайындау 0,1 мл-ден кем емес өңделмеген шәуетке балама зерттеуге кепілдік беруге тиіс (мысалы, кемінде 1,0 мл сұйылтылған шәует). Уыттылық анықталған кезде 0,1 мл жаңа алынған шәуетке балама көлемге жету үшін бірнеше сұйылтылған сынаманы тестілеу қажет етіледі (мысалы, уыттылықты төмендету үшін 1/5 арақатынасында сұйылтылған шәуеттің 5 × 1 мл. сынамасы).

#### 6.6.2 Аппаратура, материалдар, реактивтер

- Көп арналы мөлшерлеуіштер, бір арналы мөлшерлеуіштер, стерильді пластикалық ұштықтар
- Сезімтал жасушалы өсінділер
- Жасушаларды өсіруге арналған орта жасушалық желі паспортына сәйкес

## ҚР СТ 3501-2019

- Вирустық зертханаға арналған стандартты зертханалық жабдық (зарарсыздандырылған жұмыс үстелі, инвертирленген микроскоп, СО<sub>2</sub>-инкубатор (37° С), үйірткі, термиялық үйірткі (80 °С), тоңазытқыш, мұздатқыш камера (минус 20° С, минус 70° С).

- Жасуша өсінділеріне арналған сынауықтар, алты ұяшықты планшет

- Антибиотиктерден тұратын, ІҚМ сарысуы

### 6.6.3 Тест жүргізу процедурасы

Ұсынылатын әдіс мынадай:

а) 200 мкл жаңа алынған шәует құрамында антибиотиктер бар 1,8 мл ІҚМ сарысуында сұйылтылады. Жасушалық өсірінділерге қосымша ретінде пайдаланылатын сарысуды ВД вирусына қарсы антиденелердің жоқтығын растай отырып, пайдалануға жол беріледі.

б) Қарқынды араластырылады және 20 °С-тан 23 °С дейін температурада 30 минутқа қалдырылады.

в) 1 мл шәует/сарысу қоспаларын жасушаларды өсіруге арналған шыны түтіктерге сезімтал жасушалардың моноқабатына немесе тіндерді өсіруге арналған алты ұяшықты планшетке инокуляциялайды.

г) Өсірінділер 37°С-та 1 сағат бойы инкубацияланады.

д) Қоспаны алып тастайды, моноқабат сүйемелдеу ортасымен бірнеше рет жуылады, содан кейін өсірінділерге жаңа сүйемелдеу ортасы қосылады.

е) Тесттегі ВД-ның теріс және оң бақылауы қосылады. Сыналатын ұяшықтардың оң бақылау үлгісімен кездейсоқ ластануына жол бермеу үшін ерекше сақ болу керек. Оң бақылау үлгісі әрқашан соңынан енгізіледі.

ж) Ластанудың және цитоуыттылықтың болмауын қамтамасыз ету үшін планшеттерді микроскопиялық бақылау жүзеге асырылады. ВД инфекциясының нәтижесінде цитопатология күтілмейді, бірақ ІҚМ герпес вирусы (ВНВ-1) сияқты басқа вирустар әдейі емес бөлінуі мүмкін.

и) 5-7 күннен кейін өсірінділер шамамен -70°С-та немесе одан төмен температурада мұздатылады және ерітіледі, үйірткілеу арқылы ағартылады, ал супернатант жаңа моноқабаттардың инокуляциясы үшін пайдаланылады.

к) Екінші пассаждың соңында мұздату-еріту арқылы препараттан алынған супернатант иммундық пероксидазамен бояу немесе егілгеннен соң 5 күннен кейін нақты уақыттағы КТ-ПТР арқылы басқа антигенді анықтау үшін қолайлы жүйедегі өсірінділерге пассаждалады. Бұл процедураны 96-ұяшықты микропланшеттерде жүзеге асырған тиімді. Егер вирусты антиген немесе ВД РНК белгілері анықталмаса, сынама теріс деп есептеледі.

## 6.7 Нуклеин қышқылын анықтау

6.7.1 Гель негізіндегі дәстүрлі КТ-ПТР диагностикалық мақсатта ВД РНК вирусын анықтау үшін қолданылады. Мультиплексті КТ-ПТР жасушалық өсіріндіден немесе тікелей қан сынамаларынан вирусты бір мезгілде амплификациялау және типтеу үшін пайдаланылады. Гель негізіндегі КТ-ПТР-ның кемшіліктері салыстырмалы еңбек сыйымдылығы, қымбаттылығы және айқас контаминацияға бейімділігі болып табылады. Бұл кемшіліктер нақты уақыттағы КТ-ПТР зондты немесе сандық әдістерін пайдалану кезінде төмендейді. Осы әдістердің кез келгенінде тест-жүйеде және сынамалар өңделетін және дайындалатын жалпы зертханалық аймақтарда нуклеин қышқылын контаминациялауға жол бермеу үшін қатаң сақтық шараларын қабылдау қажет. Бұл әдістер сынамалардың кең спектрінен, соның ішінде сарысуды, жаңа алынған қанды, тіндерді, сүт пен ұрықты тікелей анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары аналитикалық сезімталдық жеке сынамалар пулын скрининг немесе құрама сүтті тестілеу үшін



стратегияларды қолдануға мүмкіндік береді. Осы тәсілді пайдалана отырып, бірнеше жүз сиырлары бар табындарда бір немесе бірнеше жануарлардың СИ болуын анықтауға болады. КТ-ПТР нақты уақыт режимінде, сондай-ақ жасушалық өсірінділердің соңғы пассаждының супернатант мәдени скрининг үшін пайдалануға болады жылдам және сенімді әдіс болып табылады. Жалпы алғанда нақты уақыт режимінде КТ-ПТР өте жоғары сезімталдыққа ие және вакциналарды өндіру үшін пайдаланылатын биологиялық материалдардың скринингі үшін қолданылуы мүмкін.

Нәтижелерді түсіндіру кезінде вирустық РНК-ның анықталуы инфекциялық вирустың болуын білдірмейді. Нақты уақыттағы КТ-ПТР флуоресцентті белгіленген ДНК-зондтар негізінде пестивирустарды саралауға пайдалануға жол беріледі. Талдауға арналған праймерлерді геномның жоғары консервативті аймағында, негізінен 5-кодталмайтын аймақта немесе NS3 (ген р80)-да іріктеп алған дұрыс. Сезімтал кең реактивті талдау диагностикалық қолдану үшін ұсынылады, өйткені кейде әртүрлі пестивирустардың тұраралық берілуі кездеседі. Нақты вирусты одан әрі сәйкестендіру қажет болғанда вирустың одан әрі типі үшін пестивирус үшін спецификалық талдаулар қолданылуы мүмкін. Нуклеин қышқылдарын экстракциялау мен тазартуды қоса алғанда, нақты уақыттағы КТ-ПТР талдауының барлық аспектілерін мұқият оңтайландыру маңызды. Mg<sub>2</sub>, праймерлер, зонд және полимеразаның оңтайлы концентрациясын, сондай-ақ циклдық параметрлерін анықтау қажет. Тек праймерлер мен зондтың оңтайландырылған концентрациясын қосуды талап ететін толық тұжырымдалған және оңтайландырылған «пайдалануға дайын» «мастер-микстерді» пайдалануға жол беріледі. Циклдылықтың оңтайлы шарттары көбіне нақты мастер-микс үшін ұсынылады. Нақты өнімдер сынаманың нақты түріне арналған оңтайлы жиынтықты және сынаманы қандай да бір алдын ала өңдеу қажет екенін анықтау үшін бағалануға тиіс. Жаңа алынған қан сынамалары үшін антикоагулянт типі және шыны түтіктегі қан көлемі маңызды. Ингибиторы гепарин болып табылатын қан үлгілері ПТР реакция кезінде ЭДТА-ға қарағанда көп проблема бар. Егер шыны түтікте сынақтағы антикоагулянт концентрациясын арттыратын, ұсынылатын қан көлемі болмаса, бұл айырмашылықтар ұлғаяды. Ықтимал жалған теріс нәтижелерді анықтау үшін экзогенді РНК матрицасын («ішкі бақылау») РНК бөлінгенге дейін үлгіге қосу ұсынылады. Экзогендік тізбектілікке тән ПТР үшін праймерлер мен зондтарды қосу арқылы РНК бөлінуінің тиімділігін, сондай-ақ кез келген ПТР ингибиторларының болуын қадағалауға болады. Жалпы алғанда бұл сынамалардың барлық типтері үшін пайдалы. Ішкі бақылауды қосу, әсіресе шәует пен жаңа алынған қанды тестілеу кезінде қажет. Ішкі бақылауды кеңінен пайдаланған кезде ішкі бақылауды ПТР-амплификациясы диагностикалық ПТР-мен бәсекелеспейтініне және демек аналитикалық сезімталдықты төмендететініне көз жеткізу үшін тестілеу жүргізу қажет.

6.7.2 Сынамада РНК бөлінуінің тиімділігіне не нақты уақыттағы КТ-ПТР талдауына теріс әсер ететін заттардың бар екендігі туралы күдік болған кезде үлгіні физиологиялық ерітіндіде, жасушаларды өсіруге арналған ортада немесе буферлік ерітіндіде бірқалыпты сұйылтуды жүзеге асыру қажет. Шәует сынамасын 1/4 және жаңа 1/10 жаңа алынған қан қатынасында сұйылту керек. Нақты уақыттағы КТ-ПТР өте жоғары аналитикалық сезімталдыққа ие болғандықтан, сынаманы сұйылту ол болған кезде, сирек жағдайда вирустық РНК-ны анықтауды талдау мүмкіндігіне елеулі әсер етеді.

## **6.8 Шәуетте ВД вирусын анықтау үшін нақты уақыттағы полимеразды тізбекті реакцияны пайдалану**

6.8.1 Нақты уақыттағы КТ-ПТР ВД-дан еркіндікті растау мақсатында шәует үлгілерінің скринингі үшін өте пайдалы. Мұнда сипатталған нақты уақыттағы КТ-ПТР

## ҚР СТ 3501-2019

ДНК-нысана амплификациясы үшін праймерлердің бірнеше спецификалық тізбектерін және амплифицияланған өнімдерді табу үшін 5'-нуклеазды олигозондты қолданады. Олигозонд – бұл екі түрлі флуороформен белгіленген, тізбектілік үшін спецификалық, жеке олигонуклеотид. Бұл нақты уақыттағы КТ-ПТР пан-пестивирусты талдауы ВД1 және ВД2 штамдарының вирустық ДНК-сын, сондай-ақ шектес аурулардың, шошқаның классикалық обасы вирусын және көптеген атиптік пестивирустарды анықтауға арналған. Талдау селективті түрде геномапестивирустың 5'-трансляцияланбайтын аймағы негіздерінің 208 жұбынан тізбектілікті амплифициялайды. Праймерлер мен зондтар туралы егжей-тегжейлі төменде көрсетілген хаттамада келтірілген.

### 6.8.2 Сынамаларды дайындау, жабдықтар және реагенттер

а) Тест үшін пайдаланылатын сынамалар ІҚМ-ның өсірілген шәуетін немесе жаңа алынған шәует болып табылады. Егер үлгілер нақты уақыттағы КТ-ПТР көмегімен ғана тестіленсе, салқындатылған сынамаларды пайдалануға жол беріледі, бірақ зертханаға түскен кезде осы сынамалар төмен температурада болуға тиіс. Үздіксіз салқындату тізбегін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда немесе вирусты оқшаулау жүргізілсе, шәует сынамасын зертханаға сұйық азотта немесе құрғақ мұзда тасымалдау керек. Зертханада сынамаларды сұйық азотта немесе  $-70^{\circ}\text{C}$  төмен температурада (ұзақ сақтау үшін) не  $+4^{\circ}\text{C}$ -та (7 күнге дейін қысқа мерзімге сақтау үшін) сақтау керек. Ескертпе: вирусты бөлуге арналған үлгілерді  $+4^{\circ}\text{C}$  температурада 1-2 күннен артық сақтауға болмайды.

б) Нақты уақыттағы КТ-ПТР-ді пайдаланғанда шәуеттің аз көлемін пайдалануға жол беріледі. Жиналған шәуеттің әрбір топтамасынан кемінде үш шыны түтіктен (әрқайсысының ең аз көлемі - 250 мкл.) алынуға тиіс. Үш шыны түтіктегі шәует нуклеин қышқылын экстракциялау үшін үлгі алу алдында біріктірілуі және мұқият араластырылуға тиіс.

в) Талдау жүргізу үшін нақты уақыттағы ПТР анықтау үшін тест-жүйе және деректерді талдау үшін тиісті бағдарламалық жасақтама талап етіледі. Осы тестті жүргізу үшін қосымша жабдықтар: шағын үйірткі, салқындатқыш блок, шағын сілкігіш және шағын тамшуырлар қажет. Нақты уақыттағы КТ-ПТР нуклеин қышқылының мақсатты молекулаларының өте аз мөлшерін анықтауға қабілетті. Осыған байланысты реагентті дайындауға арналған жеке және физикалық бөлінген «таза» учаскелерді (сынамалар немесе материалдар ПТР үшін пайдаланылмайтын жерде), сынама дайындауға арналған бөлінген аймақты және ПТР термоциклеріне және тиісті жабдықтарға арналған оқшауланған аймақты қоса алғанда, контаминацияны болдырмау үшін тиісті шаралар қажет. Әрбір аймақ үшін реагенттер мен жабдықтар бөлінуге тиіс. Контаминацияның төмен деңгейінің мүмкіндігін бақылау мақсатында кемінде бір теріс сынама параллель өңделеді. Контаминация көздері оң үлгілер немесе алдыңғы сынамалардың ПТР өнімдерімен қарама-қарсы контаминация болуы мүмкін.

Нақты уақыттағы КТ-ПТР-талдауы мынадай екі жеке рәсімді қамтиды:

а) Бірінші рәсім – нуклеин қышқылдарын экстракциялаудың тиісті бекітілген әдісін пайдалана отырып, шәуеттен ВД РНК-сын экстракциялау. Нуклеин қышқылын ұстау және тазалау үшін магнитті шарларды қолданатын тест-жүйелер ұсынылады. Шарларды магниттік бөлшектерді жартылай автоматты өңдеу жүйесімен өңдеген дұрыс.

б) Екінші рәсім – нақты уақыттағы КТ-ПТР жүйесіндегі бөлінген РНК матрицасының КТ-ПТР талдауы.

### 6.9 РНК экстракциясы

РНК немесе жалпы нуклеин қышқылы шәуеттің құрама сынамасынан экстракцияланады (бір жануардан бір мезгілде жиналған үш шыны түтік). Экстракциялау

алдында шәует сынамаларының пулын 1/4 фосфатты-буферлік желатинді тұз ерітіндісінде немесе осыған ұқсас буферленген ерітіндіде сұйылту қажет. РНК экстракциясы сынамалардың 50 мкл сұйылтылған пулын лизиске арналған буферге қосу жолымен аяқталады. Қанағаттанарлық нәтижелер үлгінің 25 мкл сұйылтылмаған пулын лизиске арналған буферге қосу арқылы алынады. Экстракцияны жинақтың диагностикалық жиынтығын өндірушінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып аяқтаңыз.

### 6.10 Нақты уақыттағы КТ-ПТР талдау рәсімі

а) Реакциялық қоспа: Әр түрлі көздерден қол жетімді нақты уақытта ПТР амплификациясы үшін бірқатар жинақтар бар және белгілі бір таңдалған жинақтар нақты уақытта ПТР таңдалған платформасымен үйлесімді болуы тиіс.

